**«Параллелограммның ауданына есептер шығару» есептері**
**Қысқа мерзімді жоспар**

| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийлері** | *Оқушылар*<br>– масштабтын формуласын қолдана алады;<br>– пайыз есептеуді, мәтіндік есеп шығару қолдана алады ;<br>– трапеция мен үшбұрыш ауданын қолдана алады. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Белсенді қарым- қатынас, өзіндік шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту. Бір – бірінің пікірлерін құрметтеу, қабылдау. Оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыру. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Геометрия, география, қолданбалы математика, тұрмыстық есептер |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақтамен жұмыс |
| **Бастапқы білім** | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>1 - 2 мин | Амандасу. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру | Оқушылар ынтасын сабаққа аударады, оқулық, дәптерлерін дайындайды. | | |
| **Сабақтың басы**<br>3 – 4 мин | Мұғалім тақырыбын айтып, сабақтың мақсаты айтады. | Сабақтың тақырыбын білу, сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлерін анықтайды. | | Слайд 1,2 |
| **Сабақтың ортасы**<br>5– 8 мин | Мұғалім әр оқушыға **жеке тапсырма** береді. | Айжан ауласының макетін картаға түсіру үшін өлшемдер жүргізген болатын. Айжанның есептеуі бойынша барлық ауланың ауданы 10 000 м2, ал ені 80 м болды. Макеттегі картаның масштабы 1:2000 болатындай етіп жасатса, макеттегі ауланың ауданын тап және оны см2 келтір. | **Бағалау критерийлері**<br>Тақтамен дұрыс жауабын тексеру<br><br>**Дескрипторлар**<br>1 Жердегі ұзындығын табады<br>2 Масштаб формуласын біледі<br>3 Кескіндегі ұзындығы мен енін табады<br>4 Кескіндегі ауданын табады<br>5 Өлшем бірлігін дұрыс айналдырады | Қосымша 2 |
| 9 –20 мин | Оқушыларды **жұпқа** бөліп, тапсырманы орындау | Жұптасып өздеріне берілген тапсырмаларды орындайды, кейін басқа жұптың 1 оқушысымен | **1)**<br>**Дескрипторлар** | Қосымша 3-4 |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>шартын түсіндіреді</td>
<td>алмасып, сол топтың тапсырмасын талдайды.<br><br>Жұптық жұмыс<br>1) Айжан үйдің шатырын бояу үшін дүкенге келді. Бір банка сыр шамамен 12 м2-қа жететін болса, үйдің шатырын бояуға Айжан қанша банка сыр алу керек?<br><br><br>2) 10 тонна кірпішті үш фирманың біреуінен алу қажет. 1 кірпіштің салмағы – 5 кг. Төмендегі кестені пайдаланып, ең арзан сатып алуға қанша ақша төленетінін анықтаңыз.<br>
<table>
<tr><th>Фирма</th><th>1 кірпіштің бағасы (теңгемен)</th><th>Жеткізу бағасы (теңгемен)</th><th>Жеңілдіктер</th></tr>
<tr><td>Кірпіш-1</td><td>48</td><td>9000</td><td>Жоқ</td></tr>
<tr><td>Кірпіш-2</td><td>51</td><td>7500</td><td>100000 теңгеден артық сомаға сауда жасаса, жеткізу тегін</td></tr>
<tr><td>Кірпіш-3</td><td>55</td><td>6500</td><td>125000 теңгеден артық сомаға сауда жасаса, жеткізуге 50% жеңілдік</td></tr>
</table>
</td>
<td>
<table>
<tr><td>1</td><td>Трапеция ауданын қолданады</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Үшбұрыш ауданын қолданады</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Жалпы ауданын табады</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Жауабын дұрыс анықтайды</td></tr>
</table>
2)
<table>
<tr><th></th><th>Дескрипторлар</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Барлық кірпіш санын анықтайды</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Әр фирма бағасын табады</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Салыстыруды жүргізеді</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>21 - 30 мин</td>
<td>«Тиімді оператор» шартымен таныстырады</td>
<td>Интернет-провайдер (интернет жүйесіне қосу үшін қызмет ететін компания) мынандай 3 тарифтық жоспар ұсынады. Айжан айына 30 гб жұмсайтын болғандықтан ең арзан тарифты таңдайды. Айжан осы тарифтердің қайсысын таңдау керек?<br>
<table>
<tr><th>Тарифтық жоспар</th><th>Абоненттық төлем</th><th>Тарифтық төлем</th></tr>
<tr><td>«Жарқын»</td><td>20 гб үшін айына 2500 тг</td><td>20 гб-тан жоғары әрбір 1 гб үшін 250 тг</td></tr>
<tr><td>«Лимитсіз»</td><td>Айына 5500 тг</td><td>Жоқ</td></tr>
<tr><td>«Оңай»</td><td>15 гб үшін айына 2700 тг</td><td>15 гб-тан жоғары әрбір 1 гб үшін 120 тг</td></tr>
</table>
</td>
<td>Жұптық жұмыс нәтижесін оқушылар көршілерімен дәптер алмастырып берілген жауаптары арқылы тексереді.</td>
<td>Тапсырма жазылған парақтар</td>
</tr>
<tr>
<td>31-38</td>
<td>Топқа бөліп, тапсырманын шартымен түсіндіреді.</td>
<td>Айжан бір мекемеге жұмысқа орналасқанда, оны еңбекақы төлеу шартымен таныстырды. Бірінші жылы еңбекақы ай сайын 100 000 теңге, ал келесі жылдары әр жыл сайын 20%-ға арттыратын болды. Егер Айжан ай сайын қолына алған жалақының 10 пайызын банктегі депозит шотына 10 пайыздық жылдық өсіммен</td>
<td>Топтар тапсырмаларын жауаптарын тақтаға іліп, өзара бірін-бірі бағалайды.</td>
<td>Қосымша 5</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | салып отырса, 3 жылдан кейін Айжанның депозиттік шотындағы ақша қанша болады? | | |
| **Сабақтың соңы**<br>39-40 мин | *Рефлексия*<br>1. Бүгінгі сабақтан сен нені үйрендің?<br>2. Осы сабақтан өзіннің болашақ өмірiңмен байланыстыра алатындай, қандай ой түйдің? | Оқушылар бүгінгі сабақ бойынша қойылған сұрақтарға стикерге жауаптарын жазады. | *Сабақ соңында оқушылар* ***рефлексия*** *жүргізеді:* | слайд |